kazakh tourism
NATIONAL COMPANY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ

ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

МАҚСАТ: ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІН ҚҰРУ



1. ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ НАҚТЫ ИДЕЯЛЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН АНЫҚТАУ
2. АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ ТУРИСТЕР САНЫН АРТТЫРУ
3. ӨҢІРЛЕРДІ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
4. ЕЛДІҢ ТУРИСТЕР МЕН ИНВЕСТОРЛАРДЫ ТАРТУ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕГІ ПОЗИЦИЯСЫН НЫҒАЙТУ

МАЗМҰНЫ

1. МАҚСАТЫ

2. ІРІКТЕЛГЕН ІС-ШАРАЛАРҒА ШОЛУ

3. ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4. ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

КҮНТІЗБЕНІҢ ВЕБ-НҰСҚАСЫ




1 ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІНІҢ ВЕБ-НҰСҚАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ EVENT.QAZTOURISM.KZ


2 СҮЗГІЛЕР ЖҮЙЕСІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨҢІРІ, КҮНІ, САНАТЫ, АУҚЫМЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ БОЙЫНША ЖЫЛДАМ ТАБУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

3 ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КҮНТІЗБЕ ІРІКТЕЛГЕН ІС-ШАРАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛУДА

4 ТҮС ПАЛИТРАСЫ, СОНДАЙ-АҚ БАСТЫ ЖӘНЕ ІШКІ БЕТТЕРДІҢ ДИЗАЙНЫ ДИЗАЙН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӘЙКЕС ӘЗІРЛЕНГЕН, БҰЛ ЖОБАНЫҢ ВИЗУАЛДЫ БІРТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

БАСТЫ БЕТТІҢ КӨРІНІСІ





ӨҢІРЛЕРДЕН ІС-ШАРАЛАРДЫ ІРІКТЕУ


ӘКІМДІКТЕР ҰСЫНДЫ

154

ІС-ШАРА

ОНЫҢ ІШІНДЕ ІРІКТЕЛДІ

55



22	14	5	3	3	8
мәдени	этномәдени	спорттық	экологиялық	гастрономиялық	басқа да іс-шаралар

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ





1. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

- расталған бюджеттің болуы
- негізінен демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылуы
- жобаның ұзақ мерзімді перспективадағы тұрақтылығы

2. ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ ЖӘНЕ АУДИТОРИЯНЫ ҚАМТУ

- бұқаралық іс-шаралар үшін қатысушылар саны кемінде **1 мың**, мамандандырылған іс-шаралар үшін кемінде **500** болуы
- жергілікті тұрғындарды, туристерді және шетелдік қонақтарды тарту
- ақпараттық кеңістікте белсенді түрде қамтылуы (БАҚ, әлеуметтік желілер)

3. ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

- басқа өңірлер мен елдерден туристерді тарту әлеуеті
- туристік дестинациялармен байланысы (курорттар, табиғи нысандар)

4. БІРЕГЕЙЛІГІ ЖӘНЕ ИМИДЖДІК ӘСЕРІ

- форматының ерекшелігі (ұлттық нақыш, креативтілік)
- ауқымын кеңейту және халықаралық деңгейге шығу әлеуеті

5. ІС-ШАРАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ДЕҢГЕЙІ

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ІС-ШАРАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

ҚАҢ	АҚП	НАУР	СӘУ
2	2	2	4
МАМ	**МАУС**	**ШІЛД**	**ТАМ**
4	7	7	7
ҚЫРК	**ҚАЗ**	**ҚАР**	**ЖЕЛ**
7	6	2	5



ӨТКІЗІЛМЕДІ АСТАНА

FORTE PIANO ASTANA

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ
ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

«Forte Piano Astana» байқауы – дарынды пианистерді анықтап, қолдауға бағытталған жыл сайынғы мәдени-ағартушылық жоба. Байқау форматы кәсіби музыканттар мен өнер мектептері, колледждер және жоғары оқу орындарының студенттерін біріктіріп, шығармашылық өсу мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Жобаның бірегейлігі – кәсіби іріктеу мен білім беру мазмұнының үйлесімінде, ол жаңа орындаушылар буынын қалыптастырып, елдегі академиялық музыкалық мәдениетті нығайтады.


ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ


ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ

ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам; кәсіби пианистер, музыкалық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының білім алушылары.

Туристік әлеуеті: классикалық музыка әуесқойлары мен мәдени туристерді тартады, мәдени туризмнің дамуына ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: таланттарды анықтау және қолдау, орындаушылардың жаңа буынын қалыптастыру, академиялық музыкалық мәдениетті дамыту, елдің мәдени имиджін нығайту.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының Мәдениет басқармасы.

**2026 жылы іс-шара наурыз айында, ал 2027 жылдан бастап жыл сайын қаңтар айында өтеді.*

31 ҚАҢТАР – 1 АҚПАН

СҚО

ҚЫСҚЫ ДРИФТ КУБОГЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: СПОРТТЫҚ

Петропавл қаласының қысқы дрифт кубогы елдің үздік дрифтшілерін біріктіріп, қысқы автоспорт пен белсенді өмір салтын дәріптейді. Қонақтарды ТОП-16, ТОП-8 және ТОП-4 финал сайыстары, пилоттардың шеберлігі мен жарыс атмосферасы күтеді. Шараның ерекшелігі – қарлы трассадағы әсерлі жарыстар мен шеберлік пен жылдамдықтың көрінісі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен өткізіледі. 2018 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам; Қазақстан мен Ресейден келген автоспорт әуесқойлары мен жарысушылар.

Туристік әлеуеті: қысқы маусымда оқиғалық және спорттық туризмді дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: автоспорт пен туризмді ұштастырып, өңірдің қысқы автоспорт орталығы ретіндегі имиджін ілгерілетеді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Петропавл қаласының Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы. Өтетін орын — Петропавл қаласының көлдері (Пёстрое, Тинное және т.б.). Техникалық сүйемелдеу жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.

13 АҚПАН АСТАНА

ASTANA СИМФОНИЯ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Astana Симфония – астаналық көрерменге әлемге танымал композиторлардың өнерін паш ететін бірегей концерт. 2026 жылғы концерт хедлайнері – Эннио Морриконе. Кеш барысында дирижер Андреа Морриконе жетекшілік ететін симфониялық оркестр мен хор, арнайы қонақ Марко Морриконе, Ренат Гайсин жетешілік ететін «GO symphony» оркестрі маэстроның аты аңызға айналған саундтректерін орындайды. «Бір күні. Америкада», «Миссия», «Жақсы, жаман, зұлым», «Малена» және басқа да әйгілі фильмдер арқылы танылған әлемдік киномузыка жауһарлары концерттің кереметін еселері сөзсіз.


ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ


ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ

ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам; елорда тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: мәдени туристер мен кәсіби музыкалық қауымдастықты тартып, қысқы кезеңде мәдени туризмнің дамуына ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: классикалық және кино музыкасын насихаттап, елдің халықаралық мәдени мәртебесін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының Мәдениет басқармасы.

13 -14 НАУРЫЗ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

АМАЛ КЕЛДІ - ЖЫЛ КЕЛДІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Көктемнің бастауын айшықтайтын «Амал келді – жыл келді» мерекесі Наурыз қарсаңында Маңғыстау облысындағы киелі «Отпантау» кешенінде өтеді. Бұл – өткен мен бүгін тоғысатын, жаңару мен бірліктің мерекесі. Қонақтарды ұлттық ойындар, концерттер, қолөнер көрмелері мен киіз үйлердегі қымыздың хош иісі күтеді. Ал ең ерекше сәті – жаңа өмір мен ел бірлігін бейнелейтін Бірлік Отын жағу дәстүрі.



ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. 2008 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 10 мыңнан астам адам — өңір тұрғындары мен қонақтары, түркі елдерінен келген туристер.

Туристік әлеуеті: еліміздің басқа өңірлерінен және шетелден туристер тартуға, ішкі туризмді дамытуға және облыстың мәдени мұрасын дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға, ұлттық жарыстар мен концерттік бағдарламалар өткізуге және «Бірлік отын» жағу рәсімін ұйымдастыруға бағытталған. Өңірдің рухани-мәдени құндылықтарды сақтаушы ретіндегі имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Маңғыстау облысының әкімдігі. Мерекеге қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

14 АҚПАН АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

BURABAY ICE

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «VISIT AQMOLA» ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: СПОРТТЫҚ

Қыста Ақмола облысында спортшылар мен белсенді демалысты ұнататындарды біріктіретін «Burabay Ice» турнирі өтеді. Шараның тақырыбы – қысқы спорт түрлері мен салауатты өмір салты. Мақсаты – ашық ауадағы спортты баршаға қолжетімді әрі қызықты ету, және өңірдің туристік әлеуетіне назар аударту. Қатысушыларды мұз үстіндегі жарыстар мен түрлі спорттық белсенділіктер күтеді. Ерекше тұсы – Бурабайдың көркем көлінде, мұз үстінде өтетін сайыстар.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады. Жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 2 мың адам — Қазақстаннан, сондай-ақ Ресей, Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия, Канада және АҚШ-тан келген спортшылар мен қысқы белсенді демалыс әуесқойлары.

Туристік әлеуеті: шетелдік туристерді тартуға, ішкі және келу спорттық туризмін дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: жарыстар Бурабайдың мұз айдынында өтеді. Салауатты өмір салты мен қысқы спорт түрлерін насихаттайды.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — «Visit Aqmola» туристік ақпараттық орталығы. Қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

21 НАУРЫЗ ШЫМКЕНТ

ДАСТАРХАН

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИЗМ, СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ

Шымкентте өтетін «Дастархан» гастрономиялық фестивалі жергілікті мейрамханалар мен кафелерді қолдап, тұрғындар мен қонақтарға өңірдің дәм мәдениеті мен гастротуризмін таныстырады. Фестиваль қонақтары шеф-аспаздардың өнерін тамашалап, түрлі тағамның дәмін татып, көңіл көтерер байқаулар мен әуезді әуеннің ырғағына бөленеді. Фестивальдің ерекшелігі – жергілікті ас мәзірінің түр-түрін және мейрамханалардың жаңа тағамдарын татып көріп, аспаздармен еркін сөйлесіп, нағыз гастрономиялық мерекенің атмосферасын сезіну.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады. Жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 40 мың адам — жергілікті тұрғындар мен туристер.

Туристік әлеуеті: гастрономиялық туризмді дамытып, өңірдің аспаздық мәдениетін дәріптейді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: гастрономияны, шеберлік сабақтарын және жанды музыканы ұштастырады. Жергілікті мейрамханаларды және тамақтану мәдениетін насихаттап, Шымкентті Қазақстанның гастрономиялық астанасы ретінде танытады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Шымкент қаласының Туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы. Қатысушылар мен келушілер үшін қажетті инфрақұрылым мен қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілген.

22–26 СӘУІР АСТАНА

EURASIAN BOOK FAIR

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «ФОЛИАНТ» БАСПАСЫ, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

«Eurasian Book Fair» кітап көрмесі – Еуразияның әр түкпірінен келген кітаптар мен идеяларды бір арнаға тоғыстыратын ірі мәдени диалог алаңы. Көрменің мақсаты – баспа саласын дамыту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және халық арасында кітап оқуды насихаттау. Қонақтарды жаңа кітаптардың таныстырылымдары, авторлармен кездесулер, кәсіби пікірталастар мен білім беру сессиялары күтеді. Көрменің ерекшелігі – кәсіби қауым мен қалың оқырман ортасын біріктіретін ашық мәдени кеңістіктің құрылуында.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жеке қаражат есебінен қаржыландырылады. 2016 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: көрмеге 50 мыңнан астам адам келеді.

Туристік әлеуеті: Еуропа мен Азия елдерінен елордаға қонақтар тартып, Астананың іскерлік және оқиғалық туризм орталығы ретіндегі тартымдылығын арттырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: баспагерлерді, авторлар мен оқырмандарды бір алаңға біріктіріп, Қазақстанның зияткерлік әлеуеті жоғары, ашық және мәдениеті дамыған мемлекет ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушылар — «Фолиант» баспасы және Астана қаласының әкімдігі.

23–24 СӘУІР

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ТАРАЗ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ҚАЛАСЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

«Тараз қолөнершілер қаласы» фестивалі Жамбыл облысында өткізіліп, көне Таразды қолөнер мен мәдени алмасудың орталығына айналдырады. Фестиваль идеясы – дәстүрлі қолөнерді Қазақстанның мәдени кодының ажырамас бөлігі ретінде жаңғыртып, кеңінен насихаттау. Қонақтарды шығармашылық пен ұлттық нақыш үйлесім тапқан шығармашыл орта, қолөнер шеберлерімен еркін сұхбат күтеді. Негізгі ерекшелігі – қолөнер шеберлері мен ұсталардың ежелгі техникаларымен жасалған бірегей бұйымдар ұсынылатын қолөнер көшесі.



ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ


ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ

ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет және демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады. 2026 жылдан бастап өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — жергілікті тұрғындар, қолөнер шеберлері және Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Ресей, Үндістан, Катар, Түрікменстан, Беларусь, Нидерланд, Италия, Франция және басқа елдерден келген туристер.

Туристік әлеуеті: этнотуризмді дамытуға, шетелдік және ішкі туристерді тартуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қолөнер мәдениеті мен Ұлы Жібек жолының рухын біріктіріп, Тараздың мәдени орталық ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Жамбыл облысының әкімдігі.

25 СӘУІР


ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ҚЫЗҒАЛДАҚ-МҰРА

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Жамбыл облысының көркем табиғаты аясында халықаралық «Қызғалдақ-мұра» фестивалі өткізіледі. Фестиваль дәстүр, ғылым мен өнерді тоғыстырып, табиғат пен мәдени мұраның құндылығын көрсетеді. Қонақтарды шеберлер көрмелері, конференциялар, ұлттық ойындар, сән көрсетілімдері мен концерт күтеді. Шараның ең ерекше тұсы – «қымыз мұрындық» рәсімі және гүлдеген қызғалдақ алқаптарында фотосессия жасау мүмкіндігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. 2022 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 5 мың адам — жергілікті тұрғындар, Қазақстанның басқа өңірлерінен және шетелден келген қонақтар (Германия, Украина, Түркия, Қырғызстан, Ресей, Иран, Қытай, Нидерланд).

Туристік әлеуеті: ішкі және шетелдік туристерді тартуға ықпал етеді. Экскурсиялар, фотосессиялар, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: ғылымды, мәдениетті, қолөнерді, ұлттық дәстүрлерді, спорттық ойындар мен сән көрсетілімдерін ұштастырып, Жамбыл облысының мәдени мұрасын дәріптейді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Жамбыл облысы әкімдігінің Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы. Қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.


29 СӘУІР ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

QOSTANAI TECH

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ФОРМАТ МЕРОПРИЯТИЯ: НАУЧНО-ИННОВАЦИОННОЕ

Семейный техно-фестиваль «Qostanai Tech» проходит в Костанайской области и превращает инженерный мир в большое приключение для всей семьи. Его идея — пробудить интерес к технике и изобретательству, показать детям и взрослым, что технологии могут быть увлекательными и доступными. Гостей ждут инженерные квесты, творческие лаборатории и экскурсии на заводы . Главная фишка — маршрут-квест, где каждая станция оживляет инновации через игру и опыт.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. Іс-шара алғаш рет өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 2 мың адам — жергілікті тұрғындар, жастар, студенттер мен қала қонақтары.

Туристік әлеуеті: басқа өңірлерден қонақтарды тартуға, ішкі туризмді дамытуға және Қостанай облысындағы инженерлік-техникалық бағыттарды дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: көрмені, интерактивті шеберлік сабақтарын, инженерлік квесттерді және зауыттарға экскурсияларды ұштастырады. Өңірдің машина жасау, инновациялар және білім беру мүмкіндіктері орталығы ретіндегі имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Қостанай облысының әкімдігі. Қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

1–2 МАМЫР ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

СИВЕРС АЛМА АҒАШЫНЫҢ ГҮЛДЕУІ ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Мамыр айында Жетісу өңірінде Сиверс алмасының гүлдеуіне арналған фестиваль өтеді. Мереке бүгінде өсірілетін барлық алма түрлерінің арғы тегі саналатын, табиғат пен жаңғырудың үйлесімін бейнелейтін сирек Сиверс алмасына арналған. Қонақтарды концерттер, қолөнер жәрмеңкелері, ұлттық ойындар мен көшет отырғызу шаралары күтеді. Фестивальдің ерекше атмосферасы – Жетісу Алатауы бөктеріндегі ақ гүлге бөленген табиғатты тамашалап, көктемгі жаңаруды сезіну.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. 2018 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 2,5 мың адам — өңір тұрғындары, туристер, бизнес өкілдері мен қолөнершілер.

Туристік әлеуеті: экологиялық және танымдық туризмді дамытуға, Жетісудың табиғи мұрасын дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Қазақстанда Сиверс алмасының гүлдеуіне арналған жалғыз фестиваль. Экологиялық мәдениетті қалыптастырып, елдің табиғи мұрасына деген мақтаныш сезімін арттырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Жетісу облысының туризм басқармасы.

15–17 МАМЫР

АСТАНА

PGL ASTANA

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: PGL ESPORTS, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

PGL Astana – көктемде өтетін, әйгілі Counter-Strike 2 ойынына арналған ауқымды киберспорт фестивалі. Бұл – жаһандық киберспорт қауымдастығын бір алаңға жинап, үздіктердің бабын сынайтын елеулі оқиға. Қонақтар әлемнің үздік 16 командасының матчтарын тамашалап, ойыншылармен кездесіп, фан-аймақтар, түрлі белсенділіктер, шоу бағдарламаларды қызықтай алады. Халықаралық турнир еліміздің жүрегінде өтіп, баршамызға жарыс рухын сездіреді. Бұл спортшыларды, индустрия мамандары мен жанкүйерлерді бір аренаға жинайтын әлемдік киберспорт күнтізбесіндегі көктемнің басты оқиғасы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жеке қаражат пен демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады. 2025 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 24 мың келуші; онлайн-аудитория — бір мезгілде шамамен 920 мың көрермен және 21,8 миллионнан астам сағат қаралым.

Туристік әлеуеті: халықаралық қонақтарды тартып, елорданы киберспорт пен туристік әсерлер орталығына айналдырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Астананың заманауи киберспорт орталығы ретіндегі имиджін нығайтады, қаланың технологиялық және мәдени әлеуетін көрсетіп, халықаралық аренада кең ақпараттық резонанс тудырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушылар — PGL Esports және Астана қаласының әкімдігі.

22–23 МАМЫР | АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ШЕБЕРЛЕР АЛАҢЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Күзде Атырау облысында өтетін «Шеберлер алаңы» шеберлер мен қолөнершілер фестивалі қонақтарды дәстүрлі қазақ өнерімен таныстырады. Бұл шарада мәдени мұра мен шығармашылық, ұлттық өнер мен заманауи көзқарас тоғысады. Келушілер үшін шеберлік сабақтары, көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастырылады, сондай-ақ суретшілер мен қолөнершілермен кездесу мүмкіндігі болады. Фестивальдің ерекше тұсы – шеберлер бұйымдарын көрерменнің көз алдында жасап, шығармашылық атмосферасына бөлейді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 2 мың адам — шеберлер, қолөнершілер және облыс тұрғындары.

Туристік әлеуеті: ішкі және креативті туризмді дамытуға, дәстүрлі қазақ өнері мен қолөнерін насихаттауға ықпал етеді, өңірдің мәдени мұрасына назар аударады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: шеберлер бұйымдарды көпшіліктің көз алдында жасап, көрермендерге қолөнер үдерісін тікелей тамашалауға мүмкіндік береді. Атырау облысының бай мәдени мұрасы бар өңір ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Атырау облысының мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы. Көрмелер, шеберлік сабақтары мен интерактивті бағдарламалар өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

30 МАМЫР

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАРЫ ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

2023 жылдан бері көктем сайын Ақтөбе облысында өтетін «Тары фестивалі» – Ұлы Жібек жолындағы әйгілі Көкжар жәрмеңкесінің дәстүрін жалғастырып келе жатқан мереке. Фестиваль тары тарихына және Шығанақ Берсиевтің еңбек мұрасына арналады. Басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен дәстүрлі егіншілік мәдениетін дамыту. Қонақтарды жәрмеңке, концерттер, байқаулар мен тағамдардан дәм тату мүмкіндігі күтеді. Шараның ерекше тұсы – көне жәрмеңке рухы мен қазіргі заман тынысының тоғысуы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 1 мың адам — қала тұрғындары мен қонақтары, аграрлық сектор өкілдері, қолөнершілер және туристер.

Туристік әлеуеті: Ақтөбе облысын мәдени және гастрономиялық орталық ретінде танытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: тарихи тақырыпты, ұлттық дәстүрлерді және аграрлық мәдениетті ұштастырады. Өңірдің оң имиджін қалыптастырып, тарихи мұрасын айшықтайды.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Ақтөбе қаласының әкімдігі. Жәрмеңке, концерттер мен дәм таттыру шараларын өткізу арқылы іс-шараны ұйымдастырудың жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі.

5–7 МАУСЫМ

АБАЙ ОБЛЫСЫ

АЛТЫН БЕСІК – АҚСУАТ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: TAS GROUP ЖӘНЕ АҚСУАТ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ.

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Абай облысында өтетін «Алтын бесік – Ақсуат» өнер мен спорт фестивалі ұлттық мұраны сақтап, салауатты өмір салтын ұстануға үндейді . Фестиваль аясында қонақтар гала-концерт пен айтыс қатысып, қазақ күресінің дүбірлі додасын тамашалап, түрлі отбасылық белсенділіктерге қатыса алады. Фестиваль қонақ қауымға игі бастама үшін бірігіп, ортақтасудың құндылығын сездіреді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2013 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 15–20 мың адам. Өңір тұрғындары мен Абай облысының қонақтарын тартады.

Туристік әлеуеті: спортты, мәдениетті және жергілікті дәстүрлерді ұштастыру арқылы өңірге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: бірлік атмосферасы мен этномәдени бағыттылығы арқылы өңірдің оң имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушылар — TAS GROUP және Ақсуат ауданы әкімінің аппараты.


6 МАУСЫМ АЛМАТЫ

BEU FEST

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: BEU FEST, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Алматыдағы Beu Fest – жастардың мәдени алаңына айналған жазғы музыкалық фестиваль. Мақсаты – еліміздің сахна өнерін қолдау, жаңа есімдерді таныту және жастарға өзін емін-еркін көрсетуге жағдай жасау. Фестиваль шеңберінде танымал және жас орындаушылардың концерттері, диджей-сеттер, арт-аймақтар, технологиялар мен интерактив қамтылған. Фестивальдің ерекше тұсы – музыка мен визуалды эффектілердің үйлесімі және үлкен қалалық опен-эйр атмосферасы: жаз кезінде ол мыңдаған көрерменді тартып, Алматы мәдениетінің қазіргі қарқынын айшықтайды.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2022 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың көрермен.

Туристік әлеуеті: өңірлерден және жақын шетелдерден жастарды тартып, туристік ағынның артуына және Алматының қалалық мәдениетіне деген қызығушылықтың өсуіне ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: музыка, технологиялар мен заманауи трендтерді ұштастырып, Алматыны заманауи жастар мәдениетінің орталығы ретінде танытады және Қазақстанның мәдени имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — BEU FEST, Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен.

6–7 МАУСЫМ

АЛМАТЫ

THE SPIRIT OF TENGRI

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Алматыда өтетін «The Spirit of Tengri» халықаралық фестивалі әлемнің түкпір-түкпірінен келген этникалық музыка орындаушыларын бір сахнаға жинайды. Бұл — ежелгі ырғақтардың мегаполис энергиясымен тоғысатын, мәдени мұра мен заманауи үннің мерекесі. Қонақтарды арт-аймақтар мен гастро-аймақтар күтеді, ашық аспан астында әндер жанды орындалады. Фестивальдің басты ерекшелігі – аудармасыз-ақ жүректерді біріктіретін жанды әуеннің сиқыры.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2013 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 20 мың адам. Фестивальге әлемнің 90-нан астам елінен, соның ішінде Өзбекстан, Тәжікстан, Оңтүстік Корея, Италия, Грузия, Молдова, Венгрия, Испания, Мозамбик және басқа елдерден қатысушылар мен қонақтар келеді.

Туристік әлеуеті: әртүрлі елдерден туристерді тартып, Алматыны этникалық музыка мен мәдени алмасу орталығы ретінде танытады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: әлемдік музыкалық дәстүрлер мен заманауи музыкалық формаларды ұштастырып, мәдени әралуандықты дәріптейді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Алматы қаласының мәдениет басқармасы.

17–18 МАУСЫМ

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ҚАЗЫНАЛЫ КАСПИЙ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ

Жазда Атырау облысында өтетін «Қазыналы Каспий» халықаралық фестивалі балық, гастрономия және экотуризм сүйер қауымды жинайды. Қонақтар бекіре өнімдерінен дәм татып, жергілікті өндірушілер жәрмеңкесі мен балық шаруашылығының интерактивті көрмелеріне қатыса алады. Фестиваль аквамәдениет пен орнықты балық аулаудағы заманауи тәсілдерді көрсетіп, Каспий маңы аймағының мамандары мен туристерін біріктіреді. Басты ерекшелігі – сирек кездесетін бекіреден жасалған тағамдарды Каспий жағасында татып көру мүмкіндігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың адам: балықшылар, жергілікті тұрғындар және туристер.

Туристік әлеуеті: гастрономиялық туризмді дамытуға, өңірдің балық шаруашылығы мен аквакультурасын насихаттауға ықпал етеді. Инвесторлар мен қонақтардың өңірдің табиғи және мәдени ресурстарына қызығушылығын арттырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: көрмелерді, жәрмеңкелерді және бекіре өнімдерінің дәмін татуды біріктіреді. Экологиялық сауаттылықты арттырып, Атырау облысының бай гастрономиялық мәдениеті бар өңір ретіндегі имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Атырау облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы. Көрмелер, дәм таттыру шаралары мен мәдени бағдарламаларды өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

20–21 МАУСЫМ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

БАЛҚАШТУРФЕСТ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Жазда Балқаш көлінің жағасында, Ақшағыл ауылында «БалқашТурФест» фестивалі өтеді. Іс-шара спорт, мәдениет пен гастрономияны біріктіріп, салауатты өмір салтын, белсенділікті насихаттайды, және Балқаштың туристік әлеуетін таныстырады. Қонақтарды жүзу жарыстары, желкенді регата, концерттер, сайыстар мен лазерлік шоу күтеді. Шараның атмосферасын фуд-зоналар толықтырып, гастрономиялық рекорд - ең үлкен қазыбургер ерекшелік қосады.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 50 мың адам — қала тұрғындары мен өңір қонақтары.

Туристік әлеуеті: ішкі туризмді дамытуға және басқа өңірлерден туристер тартуға ықпал етеді. Балқаш көлі мен оның айналасындағы аумақтың табиғи және мәдени ерекшеліктерін танытады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: спорттық, мәдени және гастрономиялық іс-шараларды ұштастырады, ауқымды ойын-сауық бағдарламаларын ұсынады. Балқаштың демалыс пен туризм орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Балқаш қаласы әкімінің аппараты. Қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

27 МАУСЫМ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

КӨКМАЙСА

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:«МӘДЕНИ-САУЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Көктем мен көк шөптің символына айналған «Көкмайса» фестивалі қазақ гастрономиясының байлығын паш етеді. Ұлытау тарихи өңіріндегі шарада туристер қымыз бен ұлттық тағамдардан дәм татып, қолөнер және көне рецептермен ас әзірлеу бойынша шеберлік сабақтарына қатыса алады. Мұнда дәстүрлі ғұрыптар көрсетіледі, этникалық музыка орындалады, ұлттық билер биленеді. Фестивальдің ерекше құндылығы – оның ұмытылған салт-дәстүрлерді жаңғыртып, қазақ мәдениетін насихаттауы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, тұрақты түрде өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — өңір тұрғындары мен туристер.

Туристік әлеуеті: Ұлытау өңіріне ішкі туристерді тартады, ұлттық тағамдар мен мәдени дәстүрлерді насихаттайды.

Бірегейлігі және имидждік әсері: гастрономияны, ұлттық дәстүрлерді және шеберлік сабақтарын ұштастырады. Іс-шараның ауқымын кеңейтуге мүмкіндік бар.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — «Мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы» КМҚК. Дәм таттыру шараларын, шеберлік сабақтары мен мәдени бағдарламаны өткізуге қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

27 МАУСЫМ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

«ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» МЕН «ЖОЛАН ЖҮЙРІГІ»

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: КЕГЕН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Алматы облысында жазда өтетін «Қымызмұрындық» этнофестивалі мен «Жолан жүйрігі» халықаралық ат жарысы қазақ даласының дәстүрін қуаныш пен мерекелік көңіл-күймен ұштастырады. Тақырыбы — қымыз, ұлттық салт-дәстүр және ат спорты. Басты мақсаты — мәдени мұраны сақтап, халықтың бірлігін нығайту. Қонақтарды бал қымыздан дәм тату мүмкіндігі, ойындар, қолөнер бұйымдары және ат бәйгелері күтеді. Іс-шараның ерекшелігі — нағыз дала жарысының рухы сезілетін, жүлде қоры бар «Жолан жүйрігі» сайысы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың адам; жергілікті тұрғындар мен шетелдік туристер.

Туристік әлеуеті: Қазақстанның басқа өңірлерінен және шет мемлекеттерден туристерді тартады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қазақ халқының дәстүрлерін жаңғыртып, көпшілікке танытады. Гастрономияны, ұлттық салт-дәстүрлерді және ат жарыстарын ұштастырып, өңірдің этномәдени орталық ретіндегі оң имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Кеген ауданының мәдениет басқармасы. Қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қарастырылған. 30-дан астам киіз үй мен сауда қатарынан тұратын этнографиялық қалашық ұйымдастырылады.

5 ШІЛДЕ АСТАНА

АСЫЛ МҰРА

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

«Асыл мұра» – елдің дәстүрі мен төл мәдениетін дәріптейтін ерекше іс-шара. Фестивальдің мақсаты – халық музыкасын кеңінен насихаттап, жас дарындарға жол ашып, ұлттық мұраны сақтау. Қонақтар музыканттардың өнерін тамашалап, халық шығармашылығымен танысып, дәстүрлі аспап тартуға арналған шеберлік сабақтарына қатыса алады. Концерттің ерекшелігі – ғасыр тұңғиығынан жеткен әуендердің рухын сезіп, бірегей ұлттық аспаптармен танысып, қазақ сазгерлерінің жауһарларына бір елі жақындауға мүмкіндік беретіндігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 1,2 мың көрермен.

Туристік әлеуеті: қазақ музыкасын бағалайтын өнер сүйер қауым мен туристерді тартып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: халық музыкасы мен дәстүрлі аспаптардың жанды орындалуын ұсынып, Қазақстанның мәдени мұрасын дәріптейді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының мәдениет басқармасы.

5–12 ШІЛДЕ СҚО

ҚЫЗЫЛЖАР ӘУЕНІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Халықаралық «Қызылжар әуені» фестивалі Петропавлдың дәл ортасында, Қазақстан Конституциясы жаяу жүргіншілер көшесінде өткізіледі. Бұл – әртүрлі елдердің үні мен ырғағы тоғысатын музыка мерекесі. Бес күн бойы классикалық және заманауи туындылар орындалып, би баттлдары мен гала-концерттер ұйымдастырылады. Фестивальдің басты ерекшелігі – Қазақстан, Еуропа және АҚШ әртістерінің бірлік пен шабыт атмосферасын қалыптастыратын жанды қойылымдары.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2021 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 15 мың адам. Фестивальге Қазақстан, Аргентина, Италия, Ресей, Германия, АҚШ және Сербиядан шығармашылық ұжымдар мен жеке орындаушылар, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары қатысады.

Туристік әлеуеті: мәдени туризмді дамытуға және басқа өңірлер мен елдерден қонақтар тартуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: классикалық және заманауи музыканы, әртүрлі елдердің өнерпаздарын біріктіреді. Петропавл қаласының танымалдылығын арттырып, оны халықаралық мәдени алмасу мен шығармашылық алаңы ретінде танытады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Солтүстік Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы. Концерттерді, фестивальдік бағдарламалар мен шығармашылық кездесулерді жоғары деңгейде өткізу қамтамасыз етіледі.

10–11 ШІЛДЕ ШҚО

АЛТАЙ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Әр жазда Қатон-Қарағай ауданы түркі халықтарының мәдени мұрасын насихаттайтын фестивальде қонақтарды қарсы алады. Мерекенің тақырыбы — түркі цивилизациясының тарихы мен Алтайдың киелі мәні. Фестивальдің мақсаты — рухани байланыстарды нығайтып, дәстүрлерді жаңа буынға жеткізу. Қонақтарды этно-концерттер, жәрмеңкелер, шеберлік сабақтары мен ұлттық ойындар күтеді. Басты ерекшелігі — түркі әлемінің бесігі аталған киелі мекенде тарихты сезіну мүмкіндігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 3 мың адам — түркі халықтарының өкілдері, жергілікті тұрғындар мен туристер.

Туристік әлеуеті: этномәдени және оқиғалық туризмді дамытуға ықпал етеді. Алтайдың киелі мекен әрі түркі өркениетінің бесігі ретіндегі маңызын танытады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: түркі халықтарының рухани бірлігінің символы болып табылады. Ежелгі дәстүрлерді сақтаушы өңір ретінде аймақтың оң мәдени имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы. Іс-шараны жоғары деңгейде өткізу қамтамасыз етіледі.

11–12 ШІЛДЕ

АСТАНА

«BAIQYMYZ» ГАСТРОФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ

«Baі Qymyz» гастрофестивалі жазда Астанада өтеді. Шара қазақтың дәстүрі мен мәдениетіне арналмақ. Мақсаты – гастрономия, өнер және ұлттық салт-дәстүрді тоғыстырып, қымыз мәдениетін дәріптеу. Қонақтарды қымыздан дәм тату мүмкіндігі, үздік өндірушілер байқауы, ұлттық үлгідегі сән көрсетілімі, конференция және жұлдыздар қатысатын гала-концерт күтеді. Ерекшелігі – көрермен өзі таңдаған өндірушіге дауыс беріп, фестивальге белсенді түрде қатыса алады.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 70 мың адам; Қазақстан өңірлерінен келген қонақтар.

Туристік әлеуеті: қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін дәріптеуге, мәдени және гастрономиялық туризмді дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: фестиваль гастрономиялық, мәдени және ойын-сауық элементтерін біріктіреді; үздік қымыз өндірушілерін іріктеуді қамтиды.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

18 ШІЛДЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

«ШӘМШІ ӘНДЕРІ» ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Түркістан облысында өтетін «Шәмші әндері» фестивалі қазақ вальсінің королі, әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналады. Мақсаты – ұлы сазгердің музыкалық мұрасын насихаттап, өскелең ұрпаққа жеткізу. Фестиваль шеңберінде концерттер, би қойылымдары, ретро-бағдарламалар және Шәмші өнеріне жанкүйер қауыммен кездесулер өтеді. Осы іс-шаралардың барлығы ежелгі Отырардың аясында өтетіндігі фестивальдің бас ерекшелігі деуге болады.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2025 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың адам; өңір тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: басқа өңірлерден туристер тартуға, облыстың мәдени және тарихи мұрасын дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: сирек кездесетін форматымен ерекшеленіп, қазақ вальсінің дәуіріне тән атмосфераны қалыптастырады және өңірдің мәдени имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — «Түркістан облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

25 ШІЛДЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ


АЛАКӨЛ ТОЛҚЫНЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Жетісу облысында Алакөл жағалауында «Алакөл Толқыны» фестивалі өтеді. Бұл – музыканы, спортты және табиғат аясындағы демалысты тоғыстыратын көңілді жазғы мереке. Фестивальдің негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттай отырып, спорт, мәдениет және демалысты біріктіру арқылы аймақтың туристік тартымдылығын арттыру. Қонақтарды концерттік бағдарламалар, көл жағасындағы қызықты ойындар және шығармашылық өнер аймақтары күтеді. Еркіндік пен шаттыққа толы фестиваль жаздың басты іс-шарасына айналып, барлық қонақтарға саяхатқа және жаңа бастамаларға шабыт береді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2024 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — облыс тұрғындары мен туристер.

Туристік әлеуеті: ішкі және келу туризмін дамытуға, курорттық бағытты танымал етуге ықпал етеді; еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелден туристер тартады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: музыка, мәдениет, ойын-сауық және спорттық белсенділікті үйлестіреді; өңірдің оң имиджін қалыптастырып, туристік әлеуетін танытады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Жетісу облысының туризм басқармасы; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

30 ШІЛДЕ – 1 ТАМЫЗ

БҚО

ЖЕР ЫРЫСЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ФЕРМЕР, КӘСІПКЕР АРМАТ БИССЕНОВ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

«Жер ырысы» фестивалі жазда Батыс Қазақстан облысында өткізілетін болады. Бұл шара ауыл шаруашылығы мен агротуризмге арналмақ. Мақсаты – фермерлер, қонақтар мен табиғат жанкүйерлерін біріктіріп, ауыл өмірінің әсемдігін және өңірдің байлығын көрсету. Қонақтарды техника мен өнім көрмелері, шеберлік сабақтары, тағамдардан дәм тату мүмкіндігі мен түрлі байқаулар күтеді. Ерекшелігі – әркім ауыл өмірінің ырғағын сезініп, ауыл мерекесінің шынайы атмосферасын тамашалай алады.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы саласының өкілдері, қонақтар мен Батыс Қазақстан облысының тұрғындары.

Туристік әлеуеті: ішкі агротуризмді дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: техника мен өнім көрмелерін, шеберлік сабақтарын, дегустациялар мен байқауларды біріктіреді; өңірдің ауыл шаруашылығы саласы дамыған аймақ ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — фермер, кәсіпкер Армат Биссенов; көрмелер, шеберлік сабақтары, дегустациялар мен байқаулар өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

1 ТАМЫЗ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

ҚОСТАНАЙ ДАЛА ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

«Қостанай дала фестивалі» агрофестивалі жазда Қостанай облысында өтеді. Бұл – топырақ арқасында күн көріп, еңбегімен ырыс тапқан жандарды біріктіретін еңбек пен молшылық мерекесі. Фестивальде заманауи агротехнологиялар таныстырылып, көрмелер, шеберлік сабақтары мен дегустациялар ұйымдастырылады. Ашық аспан астындағы бұл шарада ауыл шаруашылығы жұмысшылары, кәсіпкерлер мен жастар туған жердің болашағын бірге қалыптастырады.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: облыс тұрғындары, жастар мен қала қонақтары; күтілетін аудиторияны қамту — 1 мың адам.

Туристік әлеуеті: ішкі агротуризмді дамытуға және өңірдің ауыл шаруашылығы мәдениетін дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: көрмені, егістік алқаптарындағы көрсетілімдерді және мерекелік атмосфераны үйлестіреді; облыстың заманауи аграрлық өңір ретіндегі брендін ілгерілетеді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Қостанай облысының әкімдігі; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

6-9 ТАМЫЗ АСТАНА

COMIC CON ASTANA

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: COMIC CON КОМАНДАСЫ, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Comic Con Astana – әлемнің түкпір-түкпірінен келген комикс, ойын, кино және гик мәдениетті біріктіретін ірі жазғы поп-мәдениет фестивалі. Іс-шараның мақсаты – шығармашыл ортаны дамыту, әуесқойлардың басын қосу және тәжірибе алмасатын алаң құру. Қонақтарды косплей-шоулар, актерлер мен блогерлермен кездесу, авторлық аймақтар, ойын турнирлері мен тақырыптық көрмелер күтеді. Фестивальдің ерекшелігі – фанмәдениет энергиясы, шығармашылық пен еркін сұхбатқа арналған кеңістік, қала ауқымында толанатын мейрам форматы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жеке қаражат және демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2019 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 36 елден 75 мыңнан астам бірегей келуші, оның ішінде АҚШ, Канада, Франция, Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей және Өзбекстаннан келген 10 мыңнан астам шетелдік қонақ.

Туристік әлеуеті: жастар және оқиғалық туризмді дамытуға ықпал етіп, шетелдік аудиторияны тартады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Астананың заманауи, креативті әрі ашық елорда ретіндегі бейнесін қалыптастырып, Қазақстанның заманауи поп-мәдениет орталығы ретіндегі халықаралық беделін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушылар — Comic Con командасы және Астана қаласының әкімдігі.

7 ТАМЫЗ

СҚО

«БЕРЕКЕ» АГРОФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

Солтүстік Қазақстан облысында өтетін жыл сайынғы «Береке» агрофестивалі – жер, еңбек және инновация мерекесі. Мақсаты – қазақ ауылының өткенін болашақпен сабақтастырып, дәстүр мен технологияның бірге өркендеуін көрсету. Қонақтарды агроэкспозициялар, шеберлік сабақтары, фермер жәрмеңкелері мен отбасылық ойындар күтеді. Ерекшелігі – табиғат, адам және ауыл болашағының үндестігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2022 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 500 адам — ауыл шаруашылығы саласының өкілдері.

Туристік әлеуеті: Имантау-Шалқар курорттық аймағында өткізілуі агротуризм мен ішкі туризмнің дамуына ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: технологияларды, дәстүрлер мен мәдениетті біріктіреді; заманауи әрі тұрақты ауыл бейнесін қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушылар — Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы және Айыртау ауданының әкімдігі.

15-16 ТАМЫЗ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

«ЛОТОС» ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Лотос фестивалі жазда Атырау облысында өтеді. Шара мәдениетті, табиғатты және туризмді бір арнаға тоғыстырады. Тақырыбы – гүл ашқан лотостардың сұлулығы мен өңір дәстүрі. Фестивальдің мақсаты – табиғат пен мәдени мұраны сақтай отырып, туризмді дамыту. Қонақтарды шеберлік сабақтары ұйымдастырылатын киіз үйлер, ұлттық тағамдар, концерттер мен театрландырылған көріністер күтеді. Ерекшелігі – қонақтар лотос гүлдері жайқалған алқаптарды аралап, табиғаттың сиқырын сезіне алады.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 50 мың адам; облыс тұрғындары мен өңір қонақтары.

Туристік әлеуеті: ішкі экотуризмді дамытуға, Құрманғазы ауданының лотос алқаптарына экскурсиялар ұйымдастыруға, өңірдің мәдени және табиғи мұрасын дәріптеуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: тақырыптық киіз үйлерді, концерттерді, жәрмеңкелерді және театрландырылған қойылымдарды біріктіреді; өңірдің мәдени және экотуризмге қолайлы тартымды бағыт ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Құрманғазы ауданының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы; іс-шара Қиғаш өзенінің сағасында, Теңіз ауылында өтеді. Көрмелер, шеберлік сабақтары мен мәдени бағдарламаларды өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

16 ТАМЫЗ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БАЙСЕРКЕ АСПАНЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: СПОРТТЫҚ

«Байсерке аспаны» әуе шоуы жазда Алматы облысында өтеді. Бұл шара ұшқыштардың шеберлігі мен әуе спортын паш етуге арналған. Фестивальдің мақсаты – көрерменге ұшқыштардың шеберлігін көрсетіп, өңірдің танымалдығын арттыру. Қонақтарды кәсіби ұшқыштардың көрсетілімдері, әуе трюктары, техника көрмесі мен жәрмеңкелер күтеді. Ерекшелігі – ұшақтар аспанда түрлі өрнек сызып, көрерменге ерекше әсер сыйлайды.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2017 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың көрермен; жергілікті тұрғындар мен туристер.

Туристік әлеуеті: Қазақстанның басқа өңірлерінен туристер тартуға және өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: өңірдегі ең ірі авиациялық іс-шара; әсерлі әуе трюктерімен ерекшеленіп, өңірдің авиациялық спорт орталығы ретіндегі имиджін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Алматы облысының туризм басқармасы; қатысушылар мен көрермендерге қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген..

16 ТАМЫЗ АСТАНА

QAZAQSTAN BARYSY

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: СПОРТТЫҚ

«Qazaqstan Barysy» Республикалық қазақ күресі турнирі күзде Астанада елдің ең мықты балуандарын жинайды. Жарыс дәстүрлі қазақ күресі ережесі бойынша өтіп, халықтың күш-жігері мен рухын көрсетеді. Турнирдің мақсаты — ұлттық спортты насихаттау, салауатты өмір салтын қолдау және мәдени мұраны сақтай отырып, спорт пен дәстүрді біріктіру. Қонақтарды керемет айқастар, оған қоса мәдени бағдарлама элементтері күтеді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2011 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 100 қатысушы және 4 мың көрермен.

Туристік әлеуеті: Қазақстанның өңірлерінен туристерді тартады, спорттық туризмнің дамуына ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қазақтың ұлттық күресі бойынша ең ірі республикалық турнир; мәдени мұраны дәріптейтін ел ретіндегі Қазақстанның имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы; қатысушылар мен көрермендерге қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

29 ТАМЫЗ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

AQ MAYA

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

«Ақ Мая Fest» – шұбат сусынын дала мәдениеті мен ұлттық дәстүріміздің бірегей жемісі, саулық пен қонақжайлық символы екенін айқындап, адам, табиғат және ұлттық мұра байланысын көрсететін фестиваль. Бағдарламада дегустация, шеберлік сабақтары, көшпенділер ойындары мен кешкі концерттер бар. Фестивальдің басты ерекшелігі – шұбат негізіндегі коктейльдер мен Айрақты көгінде өтетін дрон-шоу: жанды музыка, шеберлер мен фермерлермен кездесулер жазғы мерекеге ерекше көңіл-күй дарытады.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2024 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 15 мың келуші.

Туристік әлеуеті: этнотуризм мен гастрономиялық туризмді дамытуға, өңірге деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: дала дәстүрлерін заманауи форматтармен ұштастырып, өңірдің есте қаларлық бейнесін қалыптастырады және оның мәдени тартымдылығын арттырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Маңғыстау облысының әкімдігі.

5 ҚЫРКҮЙЕК АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

FLAMINGO FEST

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

2005 жылдан бері Ақмола облысында өтетін «FLAMINGO FEST» табиғат пен фламинго мекенін қорғауға бағытталған. Фестиваль мәдениет пен экологияның үйлесімін паш етеді. Қонақтар үшін концерттер мен көрмелер, отбасылық демалыс аймақтары және сарапшылармен кездесулер ұйымдастырылады. Ерекшелігі – фламинголарды өз табиғи мекенінде тамашалау мүмкіндігі.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2005 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — келу туризмі мен ішкі туризм өкілдері, жергілікті тұрғындар.

Туристік әлеуеті: туристер мен өңір қонақтарын тартуға, экотуризм мен экологиялық маршруттарды дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қоқиқаздарды табиғи мекен ету ортасында бақылау мүмкіндігі; мәдени және экологиялық бағдарламалардың үйлесуі; табиғатқа жауапкершілікпен қарауды насихаттау.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Ақмола облысының мәдениет басқармасы; қонақтар мен қатысушыларға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

12 ҚЫРКҮЙЕК

БҚО

«ЖАЙЫҚ САЗЫ» ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Күзде Батыс Қазақстан облысында «Жайық сазы» өнер фестивалі өтеді. Фестиваль өңірдің мәдени мұрасын сақтау мен дәріптеуге, жергілікті суретшілер мен қолөнершілерді қолдауға және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған. Қонақтарды көрмелер, шеберлік сабақтары, музыкалық және театрландырылған қойылымдар, сондай-ақ суретшілер мен қолөнершілермен кездесулер күтеді. Басты ерекшелігі – өнер туындыларының жасалу үрдісін тамашалап, шығармашылық орта рухын сезіну.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 3 мың адам — креативті индустрия өкілдері, өңір қонақтары мен тұрғындары.

Туристік әлеуеті: ішкі туризм мен шығармашылықты дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: көрмелерді, шеберлік сабақтарын, музыкалық нөмірлер мен театрландырылған қойылымдарды біріктіреді; өңірдің мәдени және шығармашылық белсенділік орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы; көрмелер, шеберлік сабақтары мен мәдени бағдарламаларды өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

20 ҚЫРКҮЙЕК АЛМАТЫ

ALMA FEST

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Алматының әйгілі апортына арналған жыл сайынғы фестиваль мәдениет, дәм мен өнерді ұштастырып, алма өсіру дәстүрін дәріптеп, қаланың ерекше келбетін паш етеді. Қонақтарды жергілікті өнімдер жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары, концерттер мен көңілді шаралар күтеді. Бағдарламаның негізгі бөлігі – алма мен одан әзірленген тағамдардың дәмін көру мүмкіндігі және жергілікті өндірушілермен жүздесу.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 100 мың адам — қала тұрғындары мен туристер.

Туристік әлеуеті: Қытай, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан және басқа елдерден туристерді тартады; Алматының символымен тығыз байланысты.

Бірегейлігі және имидждік әсері: гастрономияны, мәдениет пен ойын-сауықты үйлестіреді; қала брендін ілгерілетеді және фестиваль ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — Алматы қаласының мәдениет басқармасы; қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

20–21 ҚЫРКҮЙЕК

АЛМАТЫ

KITAP FEST

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

KitapFest Алматы – кітап оқуға, балалар әдебиетіне және авторлармен еркін сұхбат жүргізуге арналған күзгі кітап фестивалі. Іс-шараның мақсаты – оқу мәдениетін дамыту, қазақстандық жазушылар мен баспаларды қолдау. Қонақтарды кітап жәрмеңкесі, авторлармен кездесулер, кітап алмасу, балалар спектакльдері мен шеберлік сабақтары күтеді. Фестивальдің ерекшелігі – жасөспірім ұрпаққа кітаптың құндылығын ұғындыратын KitapFest Kids форматы және кітап-қазынаны ауыл-аймаққа жеткізетін «Ауылға кітап» акциясы..





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2014 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 50 мыңнан астам келуші.

Туристік әлеуеті: отбасылық және мәдени оқиғалық туризмді дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Алматының мәдени астана ретіндегі бейнесін нығайтып, кітап оқуды, балалардың дамуын және кітап фестивальдерін өткізудің заманауи форматтарын қолдайтын қала ретіндегі беделін арттырады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: Алматы қаласының әкімдігі.

24–28 ҚЫРКҮЙЕК

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КАСПИЙ – ДОСТЫҚ ТЕҢІЗІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: БАСҚА

«Каспий – достық теңізі» халықаралық туристік фестивалі Маңғыстау облысында өтеді және каспий маңы елдері арасындағы ашық диалог идеясын дәріптейді. Көп жылдан бері фестиваль мәдениет пен шығармашылық арқылы өңірлерді жақындастыруды мақсат етіп келеді. Үш күн бойы қонақтар форумдар, көрмелер, семинарлар мен түрлі ел өкілдерімен кездесулерге қатысуға мүмкіндік алады. Фестивальдің басты ерекшелігі – Каспийдің сенім мен ынтымақтастық алаңы етіп, теңіздің келешегін айқындайтын мүдделестер ортасын құрастыратындығы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 3 мыңнан астам қатысушы, оның ішінде өнер, мәдениет және туризм салаларының өкілдері, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден келген қонақтар.

Туристік әлеуеті: өңірдің туристік әлеуетін халықаралық деңгейде ілгерілетуге ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Каспий маңы елдерінің мәдениетін, экономикасын және гуманитарлық ынтымақтастығын біріктіріп, өңірдің ашық әрі сенімді серіктес ретіндегі бейнесін қалыптастырады және халықаралық беделін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы және туризм басқармасы.

26–28 ҚЫРКҮЙЕК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

TURKISTAN CRAFT FAIR

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: OPEN TURKISTAN ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Биыл күзде көне Түркістанда «Turkistan Craft Fair» халықаралық көрмесі ұйымдастырылмақ. Мұнда дәстүр мен заманауи өнер ұштасады. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген шеберлер өз туындыларын ұсынып, тәжірибесін ортаға салады. Қонақтарға қолөнер жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары мен концерттер ұсынылады. Негізгі ерекшелігі – Түркістан рухын бейнелейтін ортақ өнер туындысын жасау.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізу жоспарлануда.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — шеберлер, қолөнершілер, туристер мен өңір тұрғындары.

Туристік әлеуеті: мәдени туризмді дамытуға ықпал етеді, түрлі өңірлерден туристерді тартады, Түркістанның бай мұрасы мен шығармашылық әлеуетін танытады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: дәстүрлер мен заманауи өнерді біріктіріп, Түркістанның қолөнер мен мәдениет орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараны ұйымдастыру деңгейі: ұйымдастырушы — «Open Turkistan туристік ақпараттық орталығы» ЖШС; көрмелер, шеберлік сабақтары мен мәдени бағдарламаларды өткізу қамтамасыз етіледі.

1–3 ҚАЗАН АСТАНА

AI BRIDGE

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ASTANA HUB, ҚР ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ.

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ

AI BRIDGE Astana – цифрлық технологиялар мен инновациялардың болашағын өзек еткен халықаралық технологиялық форум. Негізгі тақырыбы – Next Intelligence: From Generative to Cognitive, яғни генеративті жүйелерден когнитивті AI-ға көшу құбылысына арналады. Қонақтар әлемдік сарапшылар қатысатын конференцияларға, панельдік сессияларға, стартап көрмесіне, питч-сессияларға, воркшоптар мен үздік технологиялық шешімдерді марапаттау салтанатына қосыла алады. Форумның ерекшелігі – жаһандық трендтер, инновациялар мен нақты тәжірибелердің тоғысып, ел мен өңірдің цифрлық болашағын қалыптастыруға серпін беретіндігі.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2019 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 30 мыңнан астам қатысушы, 100 инвестор мен бизнес-періштесі, 400 спикер, сондай-ақ әлемнің 30-дан астам елінен 130 стартап пен IT-компания қатысады.

Туристік әлеуеті: халықаралық сарапшыларды, стартаптарды және IT-қоғамдастық өкілдерін тарта отырып, іскерлік және оқиғалық туризмнің дамуына ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Қазақстанның жасанды интеллект пен келесі буын технологияларын дамытуға бағытталған стратегиялық басымдықтарын көрсетіп, елдің Еуразиядағы цифрлық хаб ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — Astana Hub, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Астана қаласының әкімдігі.

9 ҚАЗАН

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ERTIS PROMENADE

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Павлодардағы Орталық жағалауда жазғы маусымды ашатын «Ertis Promenade» шарасы қала тұрғындары мен қонақтарын Ертіс өзенінің жағасына жинайды. Іс-шараның негізгі мақсаты — әлеуметтік қарым-қатынасты дамытып, қала мәдениетін көтеруге ықпал ететін қоғамдық кеңістік құру. Бағдарлама концерттер, кешкі дискотекалар, ашық аспан астындағы кино көрсетілімдері мен жаттығуларды қамтиды. Басты ерекшелігі — әр шараны ерекше атмосфералық шоуға айналадыратын, су жағасындағы жазғы сахна.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат және Павлодар қаласы әкімдігінің қолдауы есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 200 мың адам — өңір тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: басқа өңірлерден туристерді тартуға және ішкі туризмді дамытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: тегін мәдени және спорттық бағдарламалар, концерттер мен фильм көрсетілімдерін ұсынады; қаланы заманауи әрі белсенді демалыс орталығы ретінде танытады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушы — Павлодар қаласының әкімдігі; бұқаралық мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуге қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

9–11 ҚАЗАН ШҚО

САЛБУРЫН

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҰЛАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Ежелгі саятшылық өнеріне арналған «Салбурын» фестивалі 2026 жылғы қарашада өтеді. Фестивальдің мақсаты – ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, табиғатты құрметтеу және ұрпақ сабақтастығын сақтау. Қонақтар бүркітшілердің өнерін, этношоу, көрмелер мен жәрмеңкелерді тамашалай алады. Шараның ерекшелігі – Шығыс Қазақстанның әсем табиғаты аясында ұлы көшпелі мұраның бірегей атмосферасы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, өңірде жыл сайын өткізілетін дәстүрлі іс-шара.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 5–8 мың адам — жақын және алыс шетелдерден келген қатысушылар, туристер мен өңір тұрғындары.

Туристік әлеуеті: этно-, экологиялық және оқиғалық туризмді дамытуға, өңірді этномәдени туризм орталығы ретінде танытуға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: бүркітпен аң аулаудың ежелгі өнерін дәріптеп, қазақтың ұлттық бірегейлігін нығайтады және Қазақстан мәдениетін халықаралық деңгейде танытады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушы — Ұлан ауданының әкімдігі; құсбегілердің қатысуымен, этношоулар, көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыру арқылы жоғары деңгейде өткізіледі.

17 ҚАЗАН

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

АЛТЫНЕМЕЛ – ҚҰЛАНДАР МЕКЕНІ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

«Алтынемел – құландар мекені» фестивалі күзде Жетісу облысындағы «Алтынемел» ұлттық паркінде өтеді. Шараның мақсаты — сирек кездесетін жануарларды қорғауға назар аудару және адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүре алатынын көрсету. Қонақтар парктегі экскурсияларға, ғалымдармен кездесулерге және экотурларға қатыса алады. Негізгі ерекшелігі – құландарды табиғи ортада көру мүмкіндігі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 1 мың адам — өңір тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: ішкі экотуризмді дамыту; өңірдің табиғи көрікті жерлеріне келушілердің қызығушылығын арттыру.

Бірегейлігі және имидждік әсері: экологиялық ағарту — жойылып бара жатқан түрлерді қорғауға баса назар аудару, жабайы жануарлар дүниесін сақтау туралы ақпараттандыру.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушы — Жетісу облысының туризм басқармасы; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

19–21 ҚАЗАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ҚАНСОНАР

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: СПОРТТЫҚ

2010 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Қансонар» халықаралық турнирі әйгілі бүркітші Мәсіп Батырханұлының құрметіне ұйымдастырылады. Шараның мақсаты — ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан бүркітпен аң аулау дәстүрін сақтау және дамыту. Қонақтар спорттық сайыстарда құсбегілердің шеберлігін тамашалай алады, сондай-ақ бүркітшілермен кездесулер өтеді. Ал ең ерекше сәті — аңшы мен қыранның үйлескен әрекеті арқылы көне дәстүр рухының айшықтала түсуі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2010 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 2 мың қатысушы — құсбегілер мен Моңғолия, Қырғызстан, Түркия, Ресейден және Қазақстан өңірлерінен келген туристер.

Туристік әлеуеті: қазақтың аңшылық мәдени мұрасымен байланысты, шетелдік туристерді тартады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: бүркітпен аң аулаудың ұлттық дәстүрін көрсетеді, халықаралық әлеуетке ие.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы; қатысушылар мен көрермендерге қажетті жағдайлар жасалған.

23-24 ҚАЗАН

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

АҚМАРЖАН

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ, ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ

ФОРМАТ МЕРОПРИЯТИЯ: ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ

«Ақмаржан» фестивалі күз мезгілінде Қызылорда облысында ауыл шаруашылық маусымының аяқталуына орай өтеді. Фестивальде өңірдің үздік егіншілер марапатталады, ауыл шаруашылық жәрмеңкелері, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және түрлі ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылады. Негізгі ерекшелігі – егіншілік, спорт пен мәдени мұраның тоғысуын, еңбек адамдарына деген құрмет пен өңір дәстүрлерінің байлығын насихаттауға бағытталғандығы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 1 мың адам; күріш өсірушілер, фермерлер, агроөнеркәсіптік кешен өкілдері және өңір тұрғындары.

Туристік әлеуеті: ішкі туризмді дамытуға және өңірдің аграрлық әрі ұлттық дәстүрлерін насихаттауға ықпал етеді.

Бірегейлігі және имидждік әсері: ауыл шаруашылығы элементтері мен мәдени мұраны ұштастырады; Қызылорда облысының еңбек, мәдени және спорттық дәстүрлерін көрсетеді.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — Қызылорда облысының әкімдігі, Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы; жарыстар мен мәдени бағдарламаны өткізуге қажетті жағдайлар жасалған.

31 ҚАЗАН-
1 ҚАРАША

АЛМАТЫ

ALA CRAFT

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Күзде Алматыда «ALA CRAFT» халықаралық қолөнершілер фестиваліне қолөнер шеберлері мен өнер сүйер қауым жиналады. Фестиваль тақырыбы – дәстүрлі қолөнерді заманауи жағынан ашып көрсету. Шараның мақсаты – мәдени тамырларды сақтай отырып, шығармашылық пен тәжірибе алмасуды дамыту. Қонақтарды шеберлік сыныптары, жәрмеңке мен көрмелер күтеді. Іс-шараның ерекшелігі – шығармашылыққа әркім қатыса алатын ерекше атмосфера.





ФОТО ДЛЯ ИЛЛЮСТРАЦИИ

ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың адам — Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен келетін қолөнер шеберлері, суретшілер және қонақтар.

Туристік әлеуеті: мәдени және оқиғалық туризмді дамытуға ықпал етеді; Алматының қолөнер мен креативті индустриялар орталығы ретіндегі тартымды бейнесін қалыптастырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: дәстүрлі қолөнер мен заманауи дизайнды ұштастырып, мәдени диалог орнатуға және қол еңбегін дәріптеуге арналған алаң қалыптастырады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушы — Алматы қаласының Мәдениет басқармасы; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етіледі.

ҚАРАША ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ASPARA FASHION WEEK

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «АСЫЛ-ДИЗАЙН» ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК СӘН ЖӘНЕ АССОРТИМЕНТ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС, «ASPARA» САУДА МАРКАСЫ, «ASPARA» КМИБ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Жамбыл облысындағы ASPARA FASHION WEEK – заманауи дизайн мен қазақ мәдениеті тоғысқан сән фестивалі. Іс-шараның мақсаты – халықаралық байланыстарды нығайтып, сән арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын таныту, жас дизайнерлерді қолдау және өңірдің индустриялық орталық ретіндегі мәртебесін арттыру. Бағдарламада жас және белгілі дизайнерлердің сән көрсетілімдері, pop-up шоурумдар жұмысы, сала сарапшыларымен кездесулер қамтылған. Іс-шараны ерекшелеп тұрған Тараздың қайталанбас атмосферасы мен жобаны сән әлеміндегі мықты кәсіби алаңға айналдыратын халықаралық коллаборациялар.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жеке қаражат есебінен қаржыландырылады, 2017 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 2 мыңнан астам қатысушы, оның ішінде 55-тен астам елден келген 700-ден астам дизайнер; онлайн-көрермендер саны — 40 мыңнан астам.

Туристік әлеуеті: әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тарту, облыстың мәдени және тарихи мұрасын таныту.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Қазақстан мәдениетін насихаттайтын жаһандық алаң; әлемнің 20-дан астам сән апталығымен әріптестік арқылы елдің халықаралық имиджін нығайту.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — «АСЫЛ-ДИЗАЙН» ғылыми-өндірістік сән және ассортимент орталығы ЖШС-і, «ASPARA» сауда маркасы, Жамбыл облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «ASPARA» Мәнерлік өнер және бизнес колледжі, Тараз қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізіледі.

ДОСТЫҚ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИЗМ, СЫРТҚЫ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ КРЕАТИВ ИНДУСТРИЯЛАР БАСҚАРМАСЫ» ММ МЕН «VISIT SHYMKENT»ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: ЭТНОМӘДЕНИ

Этномәдени, гастрономиялық және музыкалық «Достық» фестивалі түрлі этностарды біріктіріп, олардың қолөнері мен ұлттық тағамдарын көпшілік назарына ұсынады. Мақсаты – Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау, жергілікті шеберлерді қолдау және ел ынтымағын нығайту. Қонақтарды ашық аспан астындағы этнофестиваль, ұлттық тағамдардан дәм татуға болатын гастрозона, «Made in Shymkent» жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары мен ұлттық спорт түрлері күтеді. Фестиваль аясында Шымкент этнотуризм мен мәдениет орталығы ретінде бой көрсетеді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2025 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: 10 мың адамға дейін; қала тұрғындары мен қонақтары, шетелдік туристер.

Туристік әлеуеті: шетелден және еліміздің басқа өңірлерінен туристерді тарту, оқиғалық туризмді дамыту.

Бірегейлігі және имидждік әсері: Қазақстанның ашықтығы мен көпұлттылығын көрсетіп, мәдени әралуандықты дәріптеу арқылы қаланың этнотуризм орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — «Шымкент қаласының туризм, сыртқы қатынастар және креатив индустриялар басқармасы» ММ мен «Visit Shymkent»туристік ақпараттық орталығы

2–6 ЖЕЛТОҚСАН

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

СЫБАҒА

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

2024 жылдан бастап Ақтөбе облысында өтетін «Сыбаға» фестивалі ұлттық құндылықтардың жаңғыру символына айналды. Шараның тақырыбы – қазақ халқының мәдениеті, тарихы мен дәстүрлері. Мақсаты – бірлікті нығайту және рухани мұраны сақтау. Қонақтарды ұлттық киім көрсетілімдері, спорттық ойындар, конференциялар, гастрономиялық бағдарламалар мен қайырымдылық шаралары күтеді.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2024 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5 мың адам — өңір тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: басқа өңірлерден туристерді тарту, облыстың мәдени және тарихи мұрасын таныту.

Бірегейлігі және имидждік әсері: ұлттық дәстүрлерді, спортты, гастрономияны және қайырымдылықты біріктіретін бес күндік тақырыптық бағдарлама.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы; қонақтар мен қатысушыларға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

6 ЖЕЛТОҚСАН АСТАНА

WONDERLAND ASTANA

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Wonderland Astana – елорда жүрегіндегі қысқы фестиваль мен ойын-сауық паркі. Бұл жаңа жылдық демалыс отбасы мен достарға арналған шаттыққа толы орта қалыптастырады. Екі ай бойы қонақтарды лазерлі жарықпен көмкерілген мұз айдыны, 12 метрлік сырғанақ, шырша маңындағы айналмалы аттракциондар, бұғы пойызы, жайлы фуд-корттар мен шеберлік сабақтары күтеді. Фестивальдің ерекшелігі – әркім тілегін айтып, ертегі әлеміне ене алатын Аяз ата үйі.



ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2025 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 200 мың келуші.

Туристік әлеуеті: қысқы кезеңде ішкі туристерді тарту, қысқа мерзімді сапарлар санын арттыру және маусымаралық кезеңде орналастыру, тамақтандыру нысандары мен қалалық қызметтердің жүктемесін арттыру.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қала орталығында толыққанды қысқы демалыс ұйымдастыратын және елорданың мерекелік бейнесін қалыптастыратын қалалық қысқы фестиваль.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушы — Астана қаласының Мәдениет басқармасы.

12 ЖЕЛТОҚСАН АСТАНА

BEU AWARDS

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: BEU FEST, АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН.

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Beu Awards – отандық музыка саласындағы жыл қорытындысын айқындайтын жыл сайынғы музыкалық марапат табыстау салтанаты. Марапат иегерлері ашық дауыс беру мен кәсіби қазылар шешімі негізінде анықталады. Іс-шара барысында жүлдені табыстау рәсімі, номинанттардың лайв-форматта өнер көрсетуі және бірлескен музыкалық нөмірлері көрермен қауымның назарына ұсынылады. Негізгі ерекшелігі – жыл бағытын айқындайтын заманауи музыкалық үрдістер мен орындаушылардың нақты жетістіктерін заманауи форматта көрсетуі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: демеушілік қаражат есебінен қаржыландырылады, 2022 жылдан бері өткізіліп келеді.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың көрермен.

Туристік әлеуеті: музыка әуесқойлары мен туристерді елордаға тартады, қазақстандық музыкалық индустрияға деген қызығушылықты қолдайды.

Бірегейлігі және имидждік әсері: сахнадағы жарқын бейнені және елдің заманауи музыкалық имиджін қалыптастыратын жанды қойылымдарымен, бірлескен өнер көрсетулерімен және сахнаға шығатын номинанттарымен ерекшеленетін музыкалық сыйлық.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — BEU FEST, Астана қаласының әкімдігінің қолдауымен.

20 ЖЕЛТОҚСАН АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

MAGIC BURABAY

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ, «VISIT AQMOLA» ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

«Magic Burabay» фестивалі 2017 жылдан бері елдегі ең көрікті өңірлердің бірі – Бурабайда қыс маусымын ашып келеді. Шараның тақырыбы – табиғат аясындағы демалыс пен қыс мезгіліндегі қызықтар. Негізгі мақсаты – курорттың ерекше атмосферасын танытып, қонақтарды отбасыларымен қоса белсенді туризмге тарту. Қатысушыларды спорттық жарыстар, концерттер, ойындар мен жәрмеңке күтеді. Мерекенің ерекше тұсы – көл мен таулар баурайындағы қысқы ертегі атмосферасы.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады, 2017 жылдан бері жыл сайын өткізіледі.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 10 мың адам; жергілікті тұрғындар, ішкі және келу туризмі аясындағы туристер.

Туристік әлеуеті: басқа елдерден туристерді тарту, Бурабайдың табиғи және мәдени мұрасын таныту, отбасылық және оқиғалық туризмді дамыту.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қысқы ойын-сауық, концерттер, спорттық жарыстар мен жәрмеңкелер, көлдер мен таулар аясындағы қысқы ертегі атмосферасы.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — «Ақмола облысының туризм басқармасы» ММ, «Visit Aqmola» туристік ақпараттық орталығы» КММ; қатысушылар мен қонақтарға қажетті инфрақұрылым қамтамасыз етілген.

ЖЕЛТОҚСАН | АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ШАҢҒЫ МАУСЫМЫНЫҢ АШЫЛУЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: ЖЕКЕМЕНШІК ТАУ-ШАҢҒЫ КУРОРТТАРЫ, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІКТЕРІ

ІС-ШАРА ФОРМАТЫ: МӘДЕНИ

Алматы тауларындағы шаңғы маусымының ашылуы – Орталық Азиядағы ең танымал таулы өңірлердің бірінде өтетін айтулы іс-шара. Бұл қыс мезгіліндегі белсенді демалыс маусымының басталғандығын білдіріп, Алматының әлемдік тау туризмі картасындағы орнын нығайтатын оқиға. Іс-шара қонақжайлық және спорт мәдениеті құндылықтарын насихаттайды. Қонақтарды қысқы спорт түрлері бойынша көрсетілімдер, мәдени және музыкалық бағдарлама, туристер мен кәсіпқойларға арналған белсенділіктер күтеді. Ерекшелігі – спорт, туризм және шоу форматтарының бірегей тау көріністерімен үйлесуі.





ЕСКЕРТПЕ

Қаржыландыру және тұрақтылық: жеке қаражат есебінен қаржыландырылады.

Қатысушылар саны және аудиторияны қамту: шамамен 5–10 мың адам; өңір тұрғындары мен қонақтары.

Туристік әлеуеті: ішкі туризмді ынталандырады және тау шаңғысы курорттары мен туристік инфрақұрылым үшін қосымша экономикалық әсер қалыптастырады.

Бірегейлігі және имидждік әсері: қысқы белсенді демалыс пен оқиғалық туризмді ұштастыратын бағдарлама Алматының қысқы және таулы туризм орталығы ретіндегі имиджін нығайтады.

Іс-шараның ұйымдастырылу деңгейі: ұйымдастырушылар — жеке тау шаңғысы курорттары, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!